БІР СЫНЫПТА – ҮЙДІҢ ТҰҢҒЫШТАРЫ

8-БЕТ | БІЛІМ



ТАПСЫРЫСПЕН ТАМАҚ АЛСАҢ, АБАЙЛА!

9-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ

ҚОС ТЕАТРДЫҢ ЖАҢА МАУСЫМЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

№110
(4698)
Сенбі
14 қыркүйек
2024 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ҚАЙ УЧАСКЕДЕ ДАУЫС БЕРЕСІЗ?

6 қазанда Қазақстанда атом электр станциясын салу бойынша жалпы республикалық референдум өтеді. Астаналықтар өздерінің сайлау учаскесі туралы мәліметті бірнеше ақпарат көздері арқылы ала алады.

Астана әкімдігі өз сайлау учаскесі туралы мәліметтерді нақты уақыт режимінде алуға мүмкіндік береді. Оны мына жолдармен жасауға болады:

– Ресми веб-қызметте: https://referendum.astana.kz/;

– Telegram-да чат-бот арқылы: https://t.me/referendum_astana_bot;

– IKomek бірыңғай байланыс орталығы арқылы, 109 телефоны бойынша.

AES2024.KZ САЙТЫ АШЫЛДЫ

Қазақстанда АЭС салу жөніндегі Халықтық штабтың ресми сайты іске қосылды. Aes2024.kz сайтында атом энергетикасының дамуы мен Қазақстанда АЭС салу туралы толық ақпарат ұсынылған.

Платформада референдумның негізгі аспектілері, АЭС құрылысының энергетикалық артықшылықтары, атом энергетикасы жайлы нақты және дәлелді ақпаратты қамтитын бөлімдер бар. Сайтта ыңғайлы интерфейс пен жаңалықтарға, халықаралық тәжірибеге, қауіпсіздік стандарттарына және АЭС-тің жаңа технологияларына арналған бөлімдер бар. Пайдаланушылар жиі қойылатын сұрақтарға жауап табады және дауыс беру процесі туралы көбірек біле алады.

ТҮНГІ АВТОБУСТАР ТОҚТАТЫЛАДЫ

Астанада түнгі уақытта қатынайтын автобустар тоқтатылады, деп хабарлады Elordainfo.kz «City Transportation Systems» компаниясына сілтеме жасап.

«Оқу маусымы басталуына байланысты жолаушылар санының артуы және қалалық бағдарларда түнгі автобустарды пайдалану тиімдірек болатынын ескере келе, түнгі маусымдық бағдарлар қозғалысын 14 қыркүйек сенбіден 15 қыркүйек жексенбіге қараған түні тоқтату шешімі қабылданды» делінген хабарламада.

№ 201, 202 және 203 түнгі бағдарлары іске қосылған күннен бастап 21 116 жолаушы тасымалдады.

ТҮРКІЛЕРДІҢ БІРЛІГІН БЕКЕМДЕГЕН ДОДА

8-13 қыркүйек аралығында Қазақстанның астанасында 89 елден келген 2500-ге жуық спортшы, әртүрлі мәдениет пен ұлт өкілдерінің басын қосқан V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары дүркіреп өтті. Көшпенділердің дара дәстүрі мен өзгеше спорттық ойындарының кереметін көрсетіп, даңқын асырған бұл әлемдік бәсекеде спортшылар 21 спорт түрі бойынша 97 медальді сарапқа салды. Қазақстан құрамасынан 260-тан аса спортшы қатысып, медаль саны жағынан еліміз көш бастады. Апта бойы Арқа төсін дүбірлеткен жарысқа 100 мыңнан артық турист келді. Тұтас түркі жұртының бірлігін күшейтіп, берекесін бекемдеген берекелі жарыс 13 қыркүйек түстен кейін сәтімен жабылды. Әлемдік доданың келесі кезегі 2026 жылы Қырғызстанда өтеді.

№110 (4698) 14/09/2024 Сенбі

СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

«Ақорда» резиденциясында жеті мемлекеттің төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Испания Корольдігінің елшісі Луис Франсиско Мартинес Монтес, Эстония Республикасының елшісі Яап Ора, Өзбекстан Республикасының елшісі Бахтиёр Ибрагимов, Судан Республикасының елшісі Мұхаммед әл-Газали Сиррадж, Руанда Республикасының елшісі Чарльз Кайонга, Доминикан Республикасының елшісі Алехандро Ариас Сарсуэла және Маврикий Республикасының елшісі Хесвар Джанке тапсырды.

Мемлекет басшысы дипломаттар алдында сөз сөйледі. «Қазақстан сыртқы саясатында бейбітшілікті жақтайды, БҰҰ Жарғысының қағидаттарын берік ұстанады және халықаралық ынтымақтастыққа әрдайым ашық. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының жаһандық кеңістіктегі орнын ешқандай құрылым алмастыра алмайтынына нық сенімдіміз. Бұл бірегей ұйымды әрқашан қолдаймыз. Осы орайда сіздердің елдеріңізбен екіжақты қарым-қатынасты, сондай-ақ көпжақты деңгейдегі байланыстарды дамытуға ниеттіміз. Қазақстан – қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Біз экономикамыздың тұрақтылығын қамтамасыз етуге ұмтылып отырмыз. Әрине, бұл оңай емес. Оның табысты болуы көп жағдайда халықаралық ықпалдастыққа, соның ішінде сіздердің елдеріңізбен арадағы ынтымақтастықты дамытуға байланысты» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының ресми басталуымен құттықтап, олардың мемлекеттерінің басшыларына ізгі тілегі мен сәлемін жолдады.

ALATAU CITY ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Asia Infrastructure Solutions Singapore компаниясының төрағасы Вонг Хэн Файнды қабылдады. Кездесуде Alatau City жобасын жүзеге асыру перспективасы талқыланды.

Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Вонг Хэн Файн шетелдің инвестициясын, технологиясын және білім әлеуетін тарта отырып, Алатау қаласын тиімді дамыту жөнінде егжей-тегжейлі пікір алмасты. Президент сингапурлық Surbana Jurong компаниясымен бірлесе дайындалған Алатау қаласының Бас жоспары биыл мамыр айында қабылданғанын айтты.

Мемлекет басшысы осы тектес жобаларды жүзеге асыруда Вонг Хэн Файнның мол тәжірибесі бар екенін атап өтті. Сондықтан оның бас консультант ретінде берген ұсынымдары халықаралық бизнес-хабқа айналуды көздейтін жаңа қаланы жобалау және салу ісінде нақты нәтижеге ұласатынына сенім білдірді.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ – БАСТЫ НАЗАРДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Ұлттық қорғаныс министрі Яшар Гюлерді қабылдады. Президент Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынас екіжақты және көпжақты күн тәртібінің барлық бағыты бойынша қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы әріптесі Режеп Тайип Ердоғанға ізгі тілегін жолдап, екі елдің стратегиялық ынтымақтастығы мен серіктестігін одан әрі нығайтудың маңызды екеніне назар аударды.

Өз кезегінде Яшар Гюлер атажұртта көрсетілген сый-құрмет үшін алғыс айтып, Түркияның Қазақстанмен өзара сенім және қолдау рухындағы байланыстарды одан әрі тереңдетуге ниетті екенін растады. Ол еліміздің бірқатар өңірлік және халықаралық түйткілді шешуге бағытталған күш-жігерін жоғары бағалады. Сонымен қатар әңгімелесу барысында екі елдің қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық мәселесі қарастырылды.

МИНИСТРГЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевты қабылдады. Президентке еліміздегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру салаларын дамыту мақсатында қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берілді.

Ғани Бейсембаев Президентке өткен жылы 137 мың оқушыға арналған 154 жаңа мектеп ашылғанын баяндады. Бұл 29 үшауысымды, 12 апатты мектептің мәселесін шешкен. Жаңа оқу жылында 365 мың оқушыға есептелген 221 білім ошағын пайдалануға беру жоспарланып отыр. Мектептерді пәндік кабинеттермен жабдықтау көрсеткіші 2 есе артып, интернеттің сапасы жақсарған.

Оқу-ағарту министрі тәрбие жұмыстары басым бағыттардың бірі болып қала беретінін айтты. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» жалпыұлттық құндылықтарына негізделген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды.

Мемлекет басшысына орта білім сапасын арттыру туралы айтылды. Мектеп оқулықтары толықтай цифрлық форматқа көшірілген. Қазақстан атынан халықаралық олимпиадаларға қатысқан әрбір екінші оқушы жүлделі орындарға ие болып жүр. Былтыр ел оқушылары 58 алтын медаль жеңіп алған.

Президентке техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін трансформациялау, инклюзивті және арнайы оқытуды дамыту жөніндегі жобалар таныстырылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Оқу-ағарту министріне саланы одан әрі жетілдіру және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырма берді.

ҮРКЕРДЕ ЕКІ МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Үркер (Ильинка) елді мекенінің белсенді тұрғындарымен кездестім. Осыған дейін біз олармен бірлесіп, елді мекеннің даму жоспарын дайындағанбыз. Жоспарға сәйкес, қойылған міндеттердің шамамен 80%-ы орындалды. Дегенмен жоспарды қайта қарап, жаңа міндеттер мен бағыттар енгіздік» деді Ж.Қасымбек.

Қала басшысы бұл елді мекендегі міндеттердің бірі – кәріз және газдандыру мәселесі екенін айтты. «Биыл елді мекен аумағында 17 кәріз-сорғы станциясы (КСС) салынып, іске қосылды. Қазіргі уақытта мердігер ұйым құбырлар мен КСС тазалау жұмысын жүргізіп жатыр. Барлық жұмыс аяқталғаннан кейін нысандар одан әрі тиісті деңгейде күтіп-ұстау және қызмет көрсету үшін «Астана Су Арнасы» балансына беріледі. Өткен жылы Үркер елді мекенінің газбен жабдықтау желілерінің құрылысы аяқталған. Қазіргі уақытта жеке инвестормен бірлесіп, тарату желілерінің құрылысын жүргізіп жатырмыз. Осы бағытта жұмыс жүріп жатыр» деп түсіндірді әкім.

Жеңіс Қасымбек Үркерде екі мектептің құрылысы жүріп жатқанын мәлім етті. «Олардың біреуі – «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша, бір ауысымды 2 мың оқушыға арналған. Біреуін осы жылдың соңында, ал екіншісін келесі оқу жылының басында тапсыруды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар, мұнда өрт сөндіру депосының құрылысы жүріп жатыр, жарықтандыру, бірқатар көшені абаттандыру және т.б. жұмыс орындалды. Кездесу қорытындысы бойынша елді мекенді дамыту жоспарына жаңа міндеттер енгізілді. Біз жоспарды кезең-кезеңімен жүзеге асырамыз» деді қала басшысы.

№110 (4698) 14/09/2024 Сенбі

ЕҢБЕК ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы алда өтетін референдум аясында №2 қалалық емхананың еңбек ұжымымен кездесу өткізді. Жиында атом электр станциясын салудың маңыздылығы сөз болды.

Талқылауға аталмыш емхананың директоры Айдын Әшімханов, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының әкімшілік құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы Ерзат Базарбеков және Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Аяжан Өтеуова қатысты. Ал Ядролық физика институтының Астана филиалының қатты дене физикасы зертханасының инженері Мәлік Қалиақпаров көпшілікке «Қазақстанның атом саласын дамыту» жөнінде кеңінен баяндады. Еліміздің болашағы үшін АЭС құрылысының стратегиялық маңыздылығын, экологиялық қауіпсіздігін және экономикалық тиімділіктерін түсіндірді.

«Әлемде 400-ден астам реактор бар және бұл елдердің артықшылықтары айқын. Олар – АҚШ, Франция, Ресей, Оңтүстік Корея. АЭС құрылысы экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етіп қана қоймай, елдің ғылыми-техникалық әлеуетін нығайтуға, ғылыми зерттеулерді дамытуға және экономиканың түрлі секторларында жаңа технологияларды енгізуге ықпал етеді» дейді Мәлік Қалиақпаров. Ол бұл мәселе қоғамда да, ғылыми және зияткерлік ортада да кеңінен талқылауды қажет ететінін атап өтті. Ал Қоғамдық кеңес мүшесі Аяжан Өтеуованың айтуынша, атом электр станциясын салу мәселесі бойынша 6 қазанда өтетін жалпыхалықтық референдумға азаматтардың қатысуы шешуші рөл атқарады. Бұл елдің болашағына әсер ететін шешімге тікелей әсер етуге мүмкіндік береді.

«Мен сіздерді азаматтық белсенділік танытуға және елдің даму бағытын саналы түрде таңдауға шақырамын. Қазір бізге түсіндіргендей, атом электр станциясының құрылысы экономикалық тұрғыдан тиімді, ал нәтиже ұзақ мерзімді болады. Сонымен қатар, бұл адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға септігін тигізеді» деді ол.

Іс-шара соңында қатысушылар осы тақырып бойынша сұрақтар қойып, өз ойларын ортаға салды.

МЕКТЕП АСХАНАСЫ ТАЛАПҚА САЙ МА?

Елорданың Шейх Тәмим бен Хамад әл-Тәни атындағы № 85 мектеп-лицейінде оқушыларды тамақтандыру сапасы мен мектеп асханасының қызметі таныстырылды. Биыл бір балаға жұмсалатын тамақтану құны өзгеріп, ас мәзіріне де бірқатар толықтырулар енгізілді.

Индира БЕРЖАНОВА

Мектепте тамақтануды жақсы ұйымдастыру – уақытының көбін мектепте өткізетін оқушы үшін денсаулығын жақсартудың кепілі. Осы мақсатта Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев мектеп асханаларында берілетін тегін тамақтың сапасы туралы тарқатып айтты.

«Бүгінде бастауыш сынып оқушылары 100 пайыз тегін ыстық тамақпен қамтылған. Қала мектептерінде 5-11 сыныпта оқитын 6 мыңға жуық әлеуметтік осал топтан шыққан балаларға да ақысыз негізде ыстық тамақ беріледі. Елордалық Білім басқармасы «Астана» медицина университетімен бірлесіп биылғы оқу жылына ас мәзірін дайындады. Жаңа оқу жылындағы ас мәзірге бірқатар ерекшеліктер енгізілді. Оқушылар жасына қарай 3 топқа (7-10, 11-15, 16-18 жас) бөлінді. Бала өскен сайын әр жастың өз қажеттілігі болады. Осыған орай тамақтың салмағы мен калориясы өзгерді. Жыл басынан бері Астана мектептерінде улану фактілері тіркелмеген.

Осы уақытқа дейін тегін тамақтану құны бір балаға 697 теңгені құраған еді. Ал жаңа оқу жылынан бастап 1-4 сынып оқушыларына берілетін тамақтың құны 800 теңге болып өсті. 5-9 сынып оқушылары үшін бұл сома 964 теңгеге, ал 10-11 сынып оқушыларына 1090 теңгеге өзгерді.

Тамақтандыру сапасын бақылауды күшейту үшін қаланың әрбір мектебінде арнайы бракераждық комиссия құрылған. Оның құрамына ата-аналар мен мектеп әкімшілігі (директор, медицина қызметкері, әлеуметтік педагог) кіреді. Комиссия келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, тауар сертификациясына, технологиялық жабдықтың жарамдылығына, өнімдер мен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуына мониторингті жүзеге асыруға міндетті.

Сондай-ақ қала көлемінде ведомствоаралық сараптамалық топ құрылған. Сараптамалық топтың қатарында қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері, мәслихат депутаттары, «Астана» медицина университетінің қызметкерлері, нутрицолог мамандар, Санитарлық-эпидемологиялық бақылау департаменті және бірқатар қоғамдық бірлестік өкілдері бар» деді С.Әділбаев.

Бүгінде қала мектептеріне азық-түлік өнімін жеткізуші 19 ұйым бар. Сондай ұйым қызметкерлерінің бірі Ақерке Кенжеқызы ұйым мектепке қажетті азық-түлік өнімдерін жеткізумен 12 жыл бойы айналысып келетінін айтты.

«Жыл сайын оқушылардың тамақтану рационы бойынша бірыңғай стандарттар негізінде 4 апталық мәзір бекітіледі. Әр күні бір-біріне ұқсамайтын, түрлі тағам ұсынылады. Сағат 11.00-ге дейін сүт өнімдері мен ботқа, ал содан кейін ыстық тамақ, сусынға табиғи шырын беріледі. Әр бейсенбі балық тағамдары күні саналады. Аптасына 2 рет жеміс-жидек таратылады. Ең маңыздысы, жоғары сапалы, арнайы сертификаты бар азық-түлік өнімдері алынады. Өнімдерінің сапасы мен мерзімі үнемі санитарлық дәрігердің бақылауында болады. Сондай-ақ тауарлар артылып қалмайды, әрқайсысының белгіленген мөлшері мен көлемі бар» деді маман.

№85 мектеп-лицейдің әлеуметтік педагогы Лаура Башееваның сөзінше, мектеп асханасы заманауи Face ID қауіпсіздік жүйесімен жабдықталып, онда тамақтанған балалардың есебі көрсетіледі.

– Біз балаларды дәмді, пайдалы және уақтылы тамақтандыруға міндеттіміз. Біздің мәзір белгіленген талаптарға сәйкес келеді, әр маусымда өзгереді. Мектептің бракераждық комиссиясы құрамында 19 адам бар. Олар ыстық тамақ пен буфет тағамдарының сапасын бақылап, сондай-ақ ас блогындағы санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылауға міндетті, – деді әлеуметтік педагог.

ПАТРИОТТЫҚ ТУЫНДЫ КӨРСЕТІЛДІ

«Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы тәрбиеленушілеріне Қарулы күштер Ұлттық әскери-патриоттық орталығында «НВП ағай» комедия жанрындағы фильмі көрсетілді.

Отбасы күніне орайластырылған іс-шараны қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасы мен Ұлттық әскери-патриоттық орталығы бірлесіп ұйымдастырды. Оның мақсаты – әскери өмірге қызықтыру, отбасылық құндылықтарды дәріптеу. Аталмыш фильм әскери тәртіп пен мектептің өмірін ұштастырады. Фильм көруге жеңіл әрі әзілге құрылған. Алайда мазмұны терең, көрерменді патриоттық сезімге тәрбиелейді.

«Жас сарбаз – патриоттар ордасы» жобасы аясында әскери фильмдерді көрсетумен қоса, жастарды әскери бөлімдерге апарамыз. Олар әскери өмірдің қыр-сырымен танысады. Республикалық дала әскери жиындарын өткіземіз. Мұнда үздік танылған балалар кейін халықаралық дала жиындарына барады. Сондай-ақ Ауған соғысы ардагерлерімен кездесулер өткізіледі. Балаларды спортқа баулу мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылады. Мәселен, ұлдар арасында футбол, қыздар арасында волейболдан турнир болады» деді «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы қалалық филиалының төрағасы Асхат Налшыбек.

Ал іс-шараны ұйымдастырушылар тарихи фильмдер жас жауынгерлердің рухын көтеріп, отансүйгіштікке баулитындығына сенім білдірді. Фильмді 300-ге жуық жас сарбаз оқушы тамашалады. Олар – 14 пен 17 жас аралығындағы мектеп оқушылары мен колледж студенттері.

Фильм аяқталған соң оларға Ұлттық әскери-патриоттық орталығында қазақ және орыс тілінде экскурсия өткізілді.

ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Елордада өткен шомылу маусымының қорытындысы жарияланды. Астана қаласы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Азамат Құсайынов коммуникациялар қызметінде өткен брифингте судағы жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып берді.

Осылайша, қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері полиция, Ұлттық ұлан қызметкерлерімен, қоғам қайраткерлерімен және еріктілермен бірлесіп, күн сайын қаланың су айдындары бойында рейдтер мен патрульдеу жүргізді. Тұрғындарға жадынамалар мен буклеттер тарата отырып, су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін түсіндірді.

«Есіл өзенінің арнасын «ОСО» РММ құтқарушылары халықтың шомылу орындарында қайықтармен тұрақты негізде патрульдеу жүргізді, су айдындарының қауіпті және жабдықталмаған учаскелерінде қайығы бар қосымша 2 жылжымалы бекет қойылды. Шомылу маусымының басынан бастап рейдтік іс-шараларды өткізу кезінде полиция қызметкерлерімен бірлесіп тәртіп бұзғандарға жасалған сомасы 7 млн 435 мың 688 теңгеге 588 әкімшілік хаттама» деді қалалық ТЖД өкілі.

Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасымен бірлесіп, пилоттық жобада орталық жағажайдың жағалау аймағында жүзу шекараларын анықтау және батып бара жатқан адамдарды ерте анықтау жүйесін (2 бейнекамера мен дауыс зорайтқыш орнатылған), сондай-ақ жедел басқару орталығына шығара отырып, «Сергек» бейнебақылау камераларын орнату бойынша жұмыс жүргізілді.

«Өткізілген ұйымдастырушылық іс-шаралардың арқасында су айдындарының жабдықталмаған учаскелерінде адам өлімі фактілерін 2 есеге азайтуға мүмкіндік туды. Сонымен қатар, жазғы кезеңде елорда су айдындарында 3 адам құтқарылды» деп толықтырды спикер.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2024 жылғы 25 қыркүйекте сағат 10.00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезекті сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. Астана қаласында саябақтар мен сквелерді кешенді көгалдандыру, абаттандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы.
2. Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.
3. Астана қаласының аумағын абаттандыру қағидаларын бекіту туралы.
4. Астана қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы.
5. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.
6. «Астана қаласында студенттік жатақханалар салу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы.
7. Қалалық мәслихаттың сессияларында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстардың орындалу барысы туралы.
8. Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі мәселелер туралы.

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

№110 (4698) 14/09/2024 Сенбі

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ 60,4 ПАЙЫЗЫ АЭС САЛУ ИДЕЯСЫМЕН КЕЛІСЕДІ

«СОЦИС-А» Кешенді әлеуметтік зерттеулер институты – Астана» Жеке қоры КӘЗИ ҚҚ 2024 жылғы 11-12 қыркүйек аралығында халық арасында телефон арқылы сауалнама жүргізді. Сауалнама ҚР заңнамалық нормаларын сақтай отырып жүргізілгені мәлім болды. 17 облыстан және республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан 18 жастан асқан азаматтар қатысқан сауалнама ауқымы 1000 респондентті қамтыды.

Сауалнама анкетасына «Сіз АЭС салу бойынша референдумға қатысасыз ба?», «Қазақстанда АЭС салу туралы қандай ақпарат сізді қызықтырады?», «Сіз Қазақстанда АЭС салуға келісесіз бе?» деген сұрақтар енгізілді.

Сауалнама қорытындысы көрсеткендей, «Міндетті түрде барамын» (35,6%) және «Мүмкіндігінше баруға тырысамын» (20,2%) нұсқаларын таңдаған респонденттердің үлесі жалпы іріктеменің 55,8 пайызын құрады. Осылайша, сауалнамаға қатысқан әрбір екінші адам референдумға баруға дайын екендігін көрсетті. Сауалға қатысқандардың оннан бір бөлігінен астамы (12,2 %) «референдумға қатыспаймын» деп жауап берген. Алдын ала жасалған болжамға сәйкес, референдумға қатысу/қатыспау туралы «әлі бір шешімге келмеген» респонденттердің үлесі жоғары болды (16,6%). Сауалнамаға қатысқандардың 13,6%-ы «бұл жаңалықты бірінші рет естіп отырмын» деп жауап берген. Респонденттердің аз бөлігі (1,8%) бұл сұраққа «жауап беруге қиналамын» деп көрсеткен.

«Қазақстанда атом электр станциясын салу туралы қандай ақпарат сізді қызықтырады?» деген сұрақта пікірлер эмоционалды ұстанымнан бастап толығымен прагматикалық дәлелдерге дейін құбылады. Мәселен, «азаматтардың денсаулығына әсер етуі ықтимал» және «экологияға әсер етуі ықтимал» деген эмоционалды пікірлері бар жауаптарды таңдау тиісінше 59,5% және 54,1% құрады. Бұл, ең алдымен, желіде АЭС салу ықтималдығы туралы алғашқы ақпарат пайда болған сәттен бастап мұндай жобалардың қауіптері туралы әртүрлі пайымдар тарала бастағандығына байланысты болуы мүмкін.

«Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» деген сұраққа келісетіндердің үлесі 60,4% құрады. Сауалнамаға қатысқандардың 30,1%-ы АЭС салу идеясын қолдамайды. Сауалнамаға қатысқан әрбір оныншы адам (9,5%) атом электр станциясының құрылысына қатысты сұраққа жауап беруден бас тартқан. Зерттеудің жалпы қорытындысы мынадай:

- Респонденттердің 55,8%-ы өз азаматтық ұстанымын көрсетуге және АЭС салу мәселесіне қатысты дауыс беруге ниет танытты;
- АЭС құрылысын қолдаушылардың үлесі 60,4%.

Жүргізілген социологиялық сауалнама нәтижесінде әрі қарай жария түсіндіруді талап ететін экологиялық және техникалық қауіпсіздік критерийлерінің контуры межеленді. Атап айтқанда, халық денсаулығы мен қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ құрылыстың техникалық жағы және атом станциясының болашақ жұмысшыларының кадрлық құрамының кәсібилік деңгейі туралы алаңдайды.

АЭС САЛУ – ҚАЖЕТТІЛІК

Физика, математика және инженерия ғылымдарының PhD докторы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті халықаралық ядролық физика, жаңа материалдар және технологиялар кафедрасының аға оқытушысы Бақытжан Оразбековпен бейбіт атомды қолдану жолдары және атом энергетикасының перспективалары туралы талқыладық.

– Білуімізше, сіз университетте ядролық реакцияны теориялық негізде модельдейсіз. Атомдық электр станцияларында негізгі қызмет атқаратын атом реакторлары деген сабақтан студенттерге дәріс оқисыз. Жалпы жастардың атом энергетикасын қабылдауы қалай?

– Берілген тапсырманы орындап, зерттеп жүретін студенттер саны аз емес. Қазір ақпараттық заман. Ашық дерек көздерінде атом энергетикасы туралы ақпарат жеткілікті. Сондықтан жастар АЭС-ке қатысты ақпараттан құлағдар, әрі пайдасы мен зиянын жақсы біледі.

– Атом ядролық физика төңірегіндегі зерттеулеріңізге тоқтала кетсеңіз.

– Ядролық реакцияларды модельдеумен айналысамын. Біз, мысалы, ядролық реакторларда болатын процестерді терең зерттейміз. Одан бөлек, бізде қызықты ғылымның саласы – нейтрино физикасы. Бұл – жалпы әлемнің пайда болуы туралы, оның Стандарттық моделіне келе ме, әлде келмей ме деген сұрақтарына жауап беретін ғылым.

– Енді негізгі сұраққа көшсек, атомнан энергия алу қалай басталды?

– 1954 жылы Мәскеу түбіндегі Обнинск қаласында атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану басталып, дүние жүзі бойынша ең алғашқы атом электр станциясы жұмыс істей бастады.

– АЭС дегеніміз не? Ол қалай жұмыс істейді?

– АЭС-тегі реакторларда ядролық реакцияның негізінде энергия түзіледі. Салыстырмалы түрде айтсақ, гидроэлектростанциясында судың ағыны турбинаны айналдырып, электр өрісі пайда болады. Сосын электр ағыны әрі қарай тұтынушыларға жеткізіледі. Тағы бір энергияның балама көзі – күн панелінен алынатын қуат. Бұл жерде жартылай өткізгіштің тоқ ағынын бір бағытта өткізетін қасиетін қолданамыз. Жел энергиясына тоқталатын болсақ, үлкен қалақтар айналып, электр энергиясы генерация пайда болады. Әрі қарай оны сақтап, тұтынушыларға үлестіріледі.

Ал енді АЭС-ке тоқталатын болсақ, ол – кешенді ғимарат. Көбіне бір, екі не үш блоктан тұрады. Әрқайсының өз реакторы болады. Басқа энергия көздерімен салыстырғанда, ядролық реакция атом электр станциясының жүрегі саналатын ядролық реакторда жүреді. Соның ішінде біз тізбекті ядролық реакцияларды айта кететін болсақ, белгілі бір нейтрондардың көзі керек болады. Мысалы, бізде уран-235 деген шикізат бар. Осы шикізат АЭС-тің негізгі жанармайы саналады. Онда энергия түрлерінің өзара үш түрленуі жүреді: атом энергиясы жылу энергиясына, жылу энергиясы механикалық энергияға, механикалық энергия электр энергиясына айналады.

– Қарапайым тілмен айтқанда, реакция нәтижесінде уран жылу бөледі. Сосын суды буландырып, реакторларды қозғайды. Солай ма?

– Дұрыс айтасыз, ядролық физикада критикалық масса деген нәрсе бар. Критикалық масса деген уран шикізатын белгілі бір масаға жеткізгеннен кейін ғана тізбекті ядролық реакциялар пайда болады. Өндірісте 5-8 келі уран болса, өкінішке қарай, жеткіліксіз. Кемі 13 келі уран керек. Жылу көзі осындай ядролық процестің негізінде алынады.

– Реактор – атом станциясының жүрегі. Оның қызметін қалай түсіндіресіз?

– Реакторлардың жұмысы екі контурдан тұрады. Мысалы, су реакторын алар болсақ. Бірінші контурда жылуды тасымалдағыш су болады әдетте және ол реактордың ішінде ядролық реакциялар нәтижесінде пайда болған жылуды екінші контурдағы айналып жатқан суға береді. Яғни осы екінші контурдағы су әрі қарай генераторларға, турбиналарға беріледі де, нәтижесінде электр энергиясы өндіріледі. Әрі қарай біз ол энергияны сақтауымызға, болмаса басқа жерге үлестіруімізге болады.

– Мойындау керек, АЭС-тің қауіпсіздігіне байланысты екіұдай пікір бар. Қауіпсіздігі туралы не айта аласыз?

– Халықтың алаңдаушылығын түсінуге болады. Кеңес ғалымдары уранды жинап, державалы мемлекеттер не жасаса, соны жасаймыз деген ниет болып, Семей топырағында қанша-ма ядролық сынақ жүргізілді. 1949-1989 жылы Семей өңірі сынақ полигонына айналды. Сосын Чернобыль мен Фукусима АЭС-те апат орын алды. Бәлкім, осының салдарынан халқымыздың санасында үрей бар.

Қазір атом энергетикасы саласы ілгерілетіп, қауіпсіздік шаралары күшейтіліп, АЭС-тің 3 және 3+ буыны іске қосылды. Заманауи технология қауіпсіздік шараларын алдын алуға мүмкіндік береді. Мұның бәрі – ядролық инженерия, архитектура саласының жетістігі.

– АЭС туралы айтқанда, әлемдік тәжірибені айтпай өту мүмкін емес. Озық елдердің үлгісін зерттеп көрдіңіз бе?

– XX ғасырдың 50-жылдары ядролық қаруға деген халықаралық алаңдаушылықтың артуына байланысты МАГАТЭ құрылды. Халықаралық ұйым атом энергетикасын, ғылымын және технологияларын бейбіт мақсатта қолдануды дамытуды ынталандырады және бақылайды.

МАГАТЭ-нің қатаң бақылауымен әлем елдері атом энергетикасын дамытуға мүдделі. АЭС қуаты және саны жөнінен көшбасшы елдер – АҚШ, Франция, Қытай. Атом энергетика саласында Ресей, Канада және Оңтүстік Кореяның де тәжірибесі бар. Түркия, Біріккен Араб Әмірліктері, Беларусь, Бангладеш, Египет сияқты елдер атом электр станцияларын салу бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

2022 жылдың статистикасы бойынша, әлемде жалпы қуаты шамамен 391 ГВт болатын 439 энергетикалық реактор бар және 55 ГВт қуат беретін тағы 52 реактор салынуда.

– «Бейбіт атом» сөз тіркесін жиі пайдаланамыз. Бейбіт атомды тұрмыстық бағытта дамытудың артықшылығы неде?

– Адамзат атомнан энергия алуды жақсы меңгерді. Заманауи технология арқылы «бейбіт атомды» қоғамның басқа саласында пайдалану жолы жан-жақты іздестірілуде.

– Атом энергетикасынан қорқып, үркудің қажеті жоқ дейсіз ғой.

– Ядролық инженерия жақсы дамыды. Қазір АЭС-тің 3 және 3+ буыны қолданыста. Сондықтан қауіпсіздігіне алаңдаудың қажеті жоқ.

Жыл өткен сайын халықтың саны өсуде. Әсіресе, оңтүстік өңірлерде бала туу жоғары деңгейде. Экономикалық тұрғыда бір орында тұрмаймыз. Халықтың қажеттілігін өтеу үшін жаңа өндіріс орындары салынып, шағын және орта бизнесті ілгерілету керек. Мұның бәрі электр энергиясына келіп тіреледі. Энергиясыз даму мүлде мүмкін емес. Оған сан құбылып тұрған геосаяси мәселелерді қосыңыз. Қазір көршілес елдерден электр энергиясын алып отырмыз. Келешекте көршілерімізде де халықтың саны артып, энергияға деген сұраныс артады. Егер солай болатын болса, онда сырттан жарықты тарту мүмкіндігі қиындап, тәуелсіздігімізге сын-қатерлер күшейе түседі. Осындай мәселелердің алдын алуда бір емес, бірнеше АЭС салуға тура келеді. Онсыз стратегиялық жоспарларды жүзеге асыру мүмкін емес. Қорыта келгенде, АЭС салу – қажеттілік.

2022 ЖЫЛДЫҢ СТАТИСТИКАСЫ БОЙЫНША, ӘЛЕМДЕ ЖАЛПЫ ҚУАТЫ ШАМАМЕН 391 ГВТ БОЛАТЫН 439 ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕАКТОР БАР ЖӘНЕ 55 ГВТ ҚУАТ БЕРЕТІН ТАҒЫ 52 РЕАКТОР САЛЫНУДА

Сұхбаттасқан
Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Ерлан КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы:

БИЛІК ЖӘНЕ ҚОҒАМ: СЫНДАРЛЫ ДИАЛОГ

– Мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты одан әрі дамыту үшін барлығымыз адал, объективті, заң аясында әрекет етіп, өз сөзіміз бен ісімізге жауапты болуымыз қажет. Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру жайында өзінің жыл сайынғы Жолдауында Мемлекет басшысы осы және басқа да маңызды мәселелер туралы айтты.

Осыдан тура бес жыл бұрын Қасым-Жомарт Тоқаев «Еститін мемлекет» тұжырымдамасын ұсынды. Сол уақыт ішінде қоғам мен билік арасындағы өзара іс-қимыл мәдениеті өзгерді. Пікір білдірудің және әртүрлі диалог алаңдарының жеткілікті тетіктері пайда болды. Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен тікелей байланысы қалыпты жағдайға айналды.

Осы тұрғыда Астана мәслихаты бар күш-жігерін салуда – елорда тұрғындарымен тұрақты кездесулер өткізілуде, азаматтарды қабылдау мәслихаттың Қоғамдық қабылдауында ғана емес, депутаттар сайланған партиялардың, сондай-ақ жұмыс орындарында да жүргізілуде. Әр апта сайын еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізіліп, депутаттардың кері байланыс үшін байланыс нөмірлері жарияланады. Азаматтардың өтініштері жедел шешілуі үшін үнемі талдау жүргізілуде.

Ерлан СЫДЫҚОВ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры:

КӘСІБИЛІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙЕДІ

– Біз жыл сайын асыға күтетін ел Президентінің жаңа Жолдауы әрбір ел азаматының ерекше ықыласына бөленді. Мемлекет басшысының Жолдауы еліміздің келешек дамуы мен ертеңгі күнгі бетбұрысты айқындап берді. Бұл барлық бағыттардың дамуы мен ел тағдыры үшін маңызды. Қазақ елінің әрбір азаматының көкейкесті мәселелерін шешуге арналған жаңа Жолдау еліміздің дамуында, халқымыздың өмірінде көптеген жаңалықтар болатынын көрсетті. Мемлекет басшысы әлеуметтік салаға, әсіресе, балаларды қорғауға ерекше көңіл бөлінетінін баса айтты. Ұлттық қордан балалар шотына ақша аударуға қатысты заңның қабылдануының дәлелі ретінде балаларды құмар ойындарға тартқандар әкімшілік заңмен жазаланады, кәмелетке толмаған балаларға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін жаза күшейеді, жобаланған заң қабылданады. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әйелдер мен балаларға қарсы қылмыстардың алдын алу да баса айтылды.

Президент өз Жолдауында еліміздің кадрлық әлеуетін кезең-кезеңімен арттырудың маңыздылығын атап өтті. Атап айтқанда, экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету, бірінші кезекте су, энергетика, құрылыс және басқа да салаларда байқалған кадр тапшылығын жою, сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті мамандарды дайындау қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысы Жолдауының түйіні ретінде ел азаматтарын елге адал қызмет етуге, абыройлы қызмет атқаруға, терең білім алып, талмай еңбек етуге шақырды.

Мейір БАЙНЕШ,
«Астана Опера» театры опера труппасының директоры:

ХАЛЫҚТЫҢ МҮДДЕСІ ЕСКЕРІЛДІ

– Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауы барлық қазақстандықтардың мүддесі мен талап-тілегін ескере отырып туған маңызды құжат деп санаймын.

«Мемлекет басшысының көптеген шешімдері мен тапсырмалары көпшіліктің жүрегінен орын алатыны сөзсіз. Жолдаудағы 9 негізгі тармақтың барлығы да халықтың әл-ауқатын көтеруге, өмір сүру сапасын жақсартуға, еліміздің экономикасын арттыруға, Қазақстанды дамыған озық елдердің қатарына қосуға бағытталған.

Бұл жолғы Жолдау да уақыттың талабына толықтай сай келеді. Оны әлеуметтік, экономикалық, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және басқа да көптеген салаларда болатын реформалар мен өзгерістерге қарап бағамдай аламыз. Сонымен қатар, азаматтарымыз көптен бері көкейде жүрген сұрақ – АЭС салу мәселесіне қатысты жауап алды. Президент өзінің бұл мәселеге бейжай қарамайтынын, халықтың пікірі бәрінен жоғары екенін көрсетіп, биылғы жылдың 6 қазанында жалпыұлттық референдум өтетінін хабарлады.

«Алдағы референдум кең ауқымды жалпыұлттық диалогтың тағы бір айқын көрінісі болмақ. Шын мәнінде, бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекетке» тән сипат. Біз осындай қадамдар арқылы жаңа қоғамдық-саяси мәдениеттің негізін қалаймыз. Маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдаудың жаңа үлгісін жасаймыз» деді Мемлекет басшысы.

Әлбетте, біз де өз кезегімізде осынау саяси науқанда барынша азаматтық белсенділік танытатын боламыз. Себебі бұл – біздің еліміздің болашағы үшін қажет маңызды іс. Барша қазақстандықтарды Жолдауда айтылған мақсат-міндеттерді бірге орындауға, елдің игілігі жолында береке-бірлігімізді көрсетуге шақырамын.

Мырзабек КҮЖІМОВ,
Қазтұтынуодағы жоғары колледжінің директоры, Астана қаласы Кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің мүшесі:

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ АРТАДЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында еліміздің алдағы даму кезеңіне байланысты көптеген жаңа міндетті алдымызға қойды. Әсіресе Президент еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру өте маңызды екенін қадап айтып, 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады.

Бұл жағымды жаңалық осы салада еңбек етіп жүрген қаншама білікті маманның еңсесін бір көтеріп тастады. Бір жағынан, бұл хабар кәсіптік-техникалық мамандарды даярлайтын оқу орындарын да қуантып отыр. Қазір жұмысшы мамандығына жастарды даярлау жұмыс берушімен бірге атқарылады. Бұл – өте пайдалы үрдіс. Енді Мемлекет басшысының осы Жолдауынан кейін жұмысшы мамандарды даярлайтын білім мекемелері мен жұмыс берушілер арасындағы байланыс, ынтымақтастық одан әрі беки түсетіні анық. Шынында да, бір жылдары жұмысшы мамандығының беделі күрт төмендеген кезі болды. Орта мектепті бітірген түлектердің дені жаппай жоғары білім алуға ұмтылып, жұмысшы мамандығына деген сұраныс азайған еді. Қазір уақыт талабы басқа болғандықтан, ата-аналардың, жастардың да ой-санасы өзгерді. Енді мектепте оқып жүрген жасөспірімдердің арасында жұмысшы мамандыққа деген қызығушылық артып отыр. Дегенмен бұл мамандық иелерін дәріптеу әлі де кемшін секілді көрінеді. Сондықтан өз кәсібінің биігіне шыққан еңбек майталмандарын көбірек насихаттап, жастарды адал еңбек етуге үйрету керек. Оны білім беру ұйымдары, ата-ана және жұмыс беруші мекеме үшеуі бірлесіп атқарса, сонда біз мақсатымызға толық жетеміз.

Алдағы «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында біраз жоба қолға алынып, елдің көңілінен шығатын игілікті істер атқарылады деп сенемін. Әсіресе кәсіптік-техникалық колледждердегі дуалды оқытуды қаржыландыру мәселесі шешілсе, осы саладағы біраз іс алға басар еді.

Дуалды оқытудың бір ерекшелігі – теорияны өндіріспен ұштастырады. Бұл бағдарлама шеңберінде жұмысшы мамандарды оқу мекемесі мен жұмыс беруші бірлесіп даярлайды. Мәселен, студент өз білімін 60 пайыз практикамен, 40 пайыз теориямен жетілдіреді. Яғни жұмыс беруші ұйым практикада студентті өздері ұсынған мамандық бойынша толық даярлықтан өткізеді. Бұл – өте жақсы. Бір өкініштісі, мұнда түлекке практика кезінде мамандықтың барлық қыр-сырын үйрететін тәлімгерлердің еңбегі елеусіз қалып қояды. Сондықтан оларды ынталандыру үшін оған қаржы бөліну керек. Осы мәселе аталған жыл аясында жүзеге асса, жұмыс беруші мекемедегі тәлімгерлердің жастармен жұмыс істеуге деген ынтасы одан әрі арта түсер еді.

Әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз «Тәрбиесіз берілген білім – тұл» деп бекер айтпаған. Сондықтан сапалы біліммен бірге тәлім-тәрбие де қатар жүруі қажет. Қазір білім беру саласында «Біртұтас тәрбие» деген бағдарлама бар, сонда жастарды еңбекке баулу, отансүйгіштікке тәрбиелеу, еңбек адамдарына құрметпен қарау секілді ізгі ұғымдар анық жазылған. Қазір біз осы бағыттағы біраз іс-шараны бастап кеттік.

Президенттің өз Жолдауында кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе екенін жеткізді. Бұл осы салада еңбек етіп жүрген педагогтардың білімі мен біліктілігін дамытуға, жетілдіруге серпін бермек. Сонымен бірге кәсіптік-техникалық оқу орындарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға септігі тиеді. Сондықтан осы салада білім беретін оқытушылардың жалақысын көтеруге, оқу құралдарымен қамтамасыз етуге және оқу орындарының базасын жаңғыртуға қаржы бөлінсе, саладағы біраз түйткілді мәселелер оң шешімін табады деп ойлаймын.

Қазір елімізде жұмысшы мамандығында оқитын студенттер жүз пайыз тегін білім алады. Мәселен, жұмысшы мамандығы жұмыс берушінің сұранысымен даярланады. Соған сәйкес мемлекеттен грант бөлінеді. Бұл мамандықтар бойынша талапкерлер оқуға емтихансыз қабылданады. Сондай-ақ Оқу-ағарту министрлігі дуалды оқыту бағдарламасы бойынша студенттің практикасы еңбек өтіліне кіретін өзгеріс енгізді. Осының бәрі – жұмысшы мамандарды даярлауға мемлекет тарапынан жасалып отырған үлкен қолдау.

Бір сөзбен айтқанда, Мемлекет басшысының халқымызға арнаған Жолдауы ел дамуына жаңаша серпін беретін маңызы зор құжат деп білемін.

№110 (4698) 14/09/2024 Сенбі

Сұлтан СЕЙІТ

Шапағат ӘБДІР

БАРША ТҮРКІНІҢ БАСЫ БІРІККЕН КҮН

Қыран баптап, күлік мінген, тұтас түркіні біріктірген ұлы дүбір – V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өз мәресіне жетті. Сақтан жалғасқан салтымыз да, Ғұннан жалғасқан ғұрпымыз да көрініс тауып, ұлтымызды асқақтатып, рухымызды аспандатқан бұл жарыстың таңдай қағып таңданатын, маңдай басып арланатын тұстары да, сүйіншілейтін қуанышты, әттеген-ай дегізген өкінішті сәттері де көп болды.

ЭТНОАУЫЛ КЕРЕМЕТІ

Айтулы доданың ашылу салтанатында сахналанған көк түркіден көк туға дейінгі қойылған көрініс көрермендер мен ойын жанкүйерлерінің рухын серпілтіп, қанын желпінтіп алды. Ең әуелі азамат пен қазанаттың қажырын сынап, қадірін арттыратын «Ұлы дала жорығы» халықаралық бәйге-марафоны басталып, нәтижесінде 5000 жыл бұрын жылқыны қолға үйреткен «Ботай» қонысынан тізгін босатқан жорық Астанаға келіп ат басын тіреді. Алғашында айыр қалпақты ағайындардың аты оза шапқанмен, соңында нағыз қазанат анықталып, 500 шақырымды 5 күнде басып өтіп, мәреге бірінші болып Кабардин-Балкар командасы (уақыт: 27:58:23) жетті. Көрермендердің көзайымына айналған «Қазанат» ипподромының жанында «Көшпенділер әлемі» атты этноауыл болды. Онда еліміздің 20 өңірінен арнайы киіз үй тігіліп, ортасына тайқазан қойылды. Этноауылдың басты нышаны да сол. Оған Қазақстанның 20 өңірінен арнайы әкелінген киелі су құйылған. Бұл – береке мен бірліктің белгісі. Сондай-ақ көшпенділер мәдениетімен көмкерілген қазақ ауылында салт-дәстүріміз дәріптелетін арнайы алаңдар құрылған. Ежелгі батырларымыздың бейнесін сомдаған әртістер де сонда жүрді. Одан бөлек, 3200 өнерпаз күнделікті мәдени бағдарламаларын ұсынды. Келушілер айтыс тамашалап, көшпелі өркениеттер мұражайын алаңсыз аралады. Ол жерге Қазақстанның әр облысынан келген қатысушылар сол облыстың көрінісін бейнелеп беретін дүниелерді алып келді. Мысалы, Алматы облысы алып келген киіз үйдің ішінде Жамбыл жыраудың, Дінмұхамед Қонаевтың және Мұқағали Мақатаевтың, сонымен қатар Бердібек Соқпақбаевтың шағын мұражайын алып келіпті. Олардың рөлін сомдаған актерлер күні бойы орнынан тапжылмай, тарихи тұлғалардың жанды бейнесін халыққа көрсету арқылы рухани ләззат сыйлады. Бұдан бөлек, этноауылда түрлі қолөнер жәрмеңкесі жайылып, қазақтың сан ғасыр бойы қалыптастырған мәдениетінің көрінісін жан-жақты ашып беруге тырысты. Тазысын ерткен сері де, бүркітін көтерген саятшы да, сом темірді нандай илеген ұста да, сөз ұстаған ақындар мен бөз ұстаған саудагер де сол этноауылда болды.

ЖАМБЫ АТУДА ЖАРҒАНДАР, АУДАРЫСПАҚТА АЛҒАНДАР

Ең алғашқы ойын жамбы атудан басталды. 27 мемлекеттен 78 спортшы 8 қыркүйекте «Қазанат» ипподромы маңындағы этноауылда бәсекеге түсті. Сайыпқырандардың сапында еліміздің намысын Айтбек Сарыбай, Ералхан Айкөз, Батыр Бексауыт, Абзал Тулыбеков қорғады. Мергендер садақ ату жарысының 4 стилі бойынша (корей, түрік, венгр, қазақ стильдері) бағын сынап, бірінші болып ұзындығы 100 метр, ені 3 метрді құрайтын жарыс алаңында атойлап алға шығып, жамбы ату спортының мажар стилінен жалпы көшпенділер ойындары бойынша француз мергені Raphael Malet алғашқы алтынды еншіледі. Ал күміс жүлдені Моңғолиядан келген Altankhuyag Nergui алды. Қола медальді Франция елінен келген Gaëtan Blot ұтып кетті. Екінші күні қазақтың ұлттық ойыны, көшпенділердің ең қаны қызатын көкпар басталды. Оған 9 мемлекеттен 104 спортшы қатысты. Шаңы мен шабандозы араласқан алаңда Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Венгрия, Қытай, Моңғолия және Түркия, АҚШ, Ресей командалары өзара бақ сынады. Алғашқы ойынды Қазақстан ұлттық құрамасы мен Өзбекстан көкпаршылары бастап беріп, нәтижесінде біздің ұлттық құрама 16:0 есебімен Өзбекстан көкпаршыларын айқын басымдықпен жеңді. Одан кейін Ресей спортшылары мен Қытай спортшылары өзара серке сілкілесіп, нәтижесінде 4:1 есебімен Ресей спортшыларының бағы басым түсті. Ал екінші ойында Қырғызстан мен Моңғолия түсіп, 16:0 есебімен айыр қалпақты ағайынның бәсі басым түсті. Түркия командасы болса АҚШ ойыншыларын 2:1 есебімен есеңгіретті. Осы кезде «Арғымақ» ат спорты кешенінде дәстүрлі садақ атудан жарыс басталды. Оған 33 мемлекеттен 183 спортшы қатысты. Жарыс 3 түрлі нысана: пута нысанасы 70/60 метр (9 оқтан 7 мүмкіндік), қалқан нысанасы 60/50 метр (7 оқтан 7 мүмкіндік), жамбы нысанасы 30 метр (5 оқтан 5 мүмкіндік) және командалық жарыс (30 метр) бойынша өтті. Адырнасын кере тартып, жебесін ала өгіздей мөңіреткен спортшылар бір-бірінен қалыспай, алдыңғы оғын артқы оғы қуып жетіп, қиян-кескі жарысқа түсіп, нәтижесінде ерлер арасында алтын Мажарстанның мергені Кочжка Ласзлоға, күміс отандасымыз Ербол Тапеновке, қола Қанат Қасымханға бұйырды. Әйелдер арасында алтынды индонезиялық Рено Сури еншілесе, күмісті Ресей, қоланы Қырғызстан мергені еншіледі. Дәл осы күні жамбы атудың түркі стилінен де сайыс өтіп, оған 27 елден 78 спортшы қатысып, алтыны мен қоласы өзіміздің елде қалды. Алтынды Айкөз Ералхан, қоланы Айтбек Сарыбай ұтып алды. Бұл жамбы атудың қай түрі болса да оңай болған жоқ. Алайда жамбы ату спортының Азия стилінен жүлделі үш орынды да қазақстандық спортшылар жеңіп алды. Бұдан бөлек, дәл осы күні көкбөрі, аударыспақ, күрәш, дәстүрлі садақ ату, қазақ күресі, мас-рестлинг, асық және тоғызқұмалақтан жарыс өтті. Ал ең тартысты да қызықты ойынның түрі аударыспақ болды. Аты мен заты сәйкес келген жігіттер алаңға ат ойнатып шығып, 90, 100 және 100+ келі салмақ дәрежесінде сайысқа түсті. Бір-біріне есе жібергісі келмеген жігіттер қолы қарысқанша, аты болдырғанша айқасып бақты. Нәтижесінде 90 келі салмақта қарсыласын атынан аударып алтын алған қырғыз жігіті Ислам Бердібекұлы болса, 100 келі салмақта ел абыройын Сырым Ізбасаров алтынмен асқақтатса, 100 келіден жоғары салмақта да біздің елдің жігіттері басым түсіп, алтын Біржан Қосалиевтің қанжығасында қалды.

КҮШ АТАСЫН ТАНЫМАС

Ең тартысты өткен спорттың бірі – алыптар айқасы. Онда толағайлар салмағы 100 келі тасты көтеріп, жылдамдықпен

бір нүктеден екінші нүктеге жеткізу, сосын салмағы 130 келі болатын бөренені отырып-тұрып көтеру, ауыр найзаны лақтыру және салмағы бір тонна болатын арбаны құмда сүйреу сияқты жарыс түрінен сынға түсті. Жарысқа қатысушыларды көргенде көз алдыңызға кешегі толағайлар мен көлтауысарлар келетіндей. Бәрі де шетінен атан жілікті, бура санды, бұқа мойынды жігіттер. Олардың бойынан нағыз көшпенділердің батыр бейнесі аңғарылады. Ісімен де, күшімен де өзінің мүмкіндігін сынаған пілдей палуандардың арасынан күндей жарқырап алға шыққан да өзіміздің елдің азаматтары болды. Олар найза лақтырудан да, тас көтеруден де қарсыластарын шақ келтірмеді. Құмның үстінен елдер қозғалта алмаған арбаны сүйреп алтын алған Азамат Мақұлбеков қазақтың қара күшін әлемге паш етті. Қазақ палуаны ұлтымыздың мықтылығын танытса, қала әкімдігі шетелдіктерге 100 келіден аса бауырсақ таратып, қазақтың қонақжайлығын танытып жатты. Ал 20 өңірдің тігіншілері 400-ден астам құрақ көрпе тігіп, Гиннесстің рекордын жаңартты.

Этноауылды аралап, қазақтың ежелгі тұрмыс-салтымен танысқан қалың көрермен бір кезде Ж.Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайында қырғыз күресі алышты тамашалауға беттеді. Аталған күрес ерлер мен әйелдер арасында 6 түрлі салмақ дәрежесі бойынша өтті. Оған әлемнің 35 елінен 12 салмақ категориясында келген 192 спортшының арасынан ең мықтылар анықталып, алтын Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Иран спортшыларының қоржынында кетті. Сонымен қатар бес асық, арқан тартыс, тоғызқұмалақ сияқты ойындар да бір уақытта әртүрлі жерде өтіп жатты.

КӨКПАРДА – ҚАЗАҚ, КӨКБӨРІДЕ – ҚЫРҒЫЗ

Қызықтың көкесі жарыстың бесінші күні болды. Онда көкпардан финалдық жарыс болып, түстен бұрын жарыс Ресей мен Түркия құрамасының үшінші орынға таласуымен басталды. Нәтижесінде Ресей спортшылары 8:2 есебімен басым түсіп, жүлдеге ие болды. Ал финалда ең мықты екі команда: Қазақстан ұлттық құрамасы мен Қырғызстан командасы өзара бақ сынасты. Аттың жалы, түйенің қомында өскен екі ұлттың өкілдері алаңға шыққанда, көрермендер де бірі қызыл жалау, бірі көк жалау көтеріп, айғай-шуға басып, ұрандап, екі жаққа да тең дәрежеде қолдау білдіріп тұрды. Кенет серке сілкілескен топтың қызуы одан әрі қыза түсіп, екі аю айқасқандай, екі арлан шайқасқандай күйге бөлеп, жанкүйерлердің делебесін қоздырып, бірінші таймда 3:1 есебімен жеңіліп тұрған қазақтар екінші таймда 4:3 есебімен жеңіп тұрған, соңғы секундтарда қырғыздар бір салыммен 4:4 қылып есепті теңестірді. Осы кезде жеңімпазды анықтау үшін көкпаршыларға қосымша 10 минут уақыт берілді. Жігіттің намысы, аттың шабысы сыналатын нағыз шешуші кезең осы кезде басталды. Үйір топтың ішінен ұйтқып соққан борандай көкпарды жұлып алып тақымға басып, күрең қасқа тұлпармен тура тартып келіп, қазақ көкпаршысы Құрбанбек Тұрғанбек алтын салымды салды. Сөйтіп 5:4 есебімен қазақтар қырғыздарды қапы қалдырды. Алайда жеңілісті мойындамаған біздің қырғыз бауырларымыз біраз даурығып, арты дауға ұласып барып басылды. Әрине, көкпар сондай болмаса, несі көкпар?! Алаңдағы дау анттасқан екі елдің арасына жік, көңіліне дық түсіре алмасы анық. Осы кезде этноауылда теңге ілуден өткен жарыста Бекнұр Серіков бес белес сайысынан, ал Рахат Қамбаров қос құлаш сайысынан алтын жүлде алып, мерейімізді тасытып жатты. Сондай-ақ құсбегіліктен іріктеу және жартылай финалдық жарыс өтіп, қазақтың аспандағы құстың өзін қолға үйретудегі шеберлігі сынға түсіп жатты.

Дәстүрлі садақ атудан командалық сайыста Қазақстан құрамасы Австралиядан келген садақшылардан 2:3 есебімен жеңіліп, күміс жүлдеге ие болды. Осылайша, біздің садақшылар көшпенділер ойындарын бір алтын, екі күміс, бес қола жүлдемен аяқтаса, татар халқының көне ұлттық белбеу күресі күрәштан ерлер арасында төрт салмақ дәрежесі бойынша өткен жарыстың 90 келі салмақ бойынша алтынын Біржан Шаймерденов жеңіп алды. Сонымен қатар түрік халқының ұлттық күресі ашыртмалы аба гюрешінен бес салмақ дәрежесі бойынша жарысқа түскен ел спортшылары 3 бірдей күміс жүлдеге ие болды. Олар: Ернұр Сүлеймен (60 келі), Әділет Ахметғали (70 келі), Айдос Ғалымов (90 келі). Сондай-ақ Батыс Африка халықтарының зияткерлік ойыны овариден өткен жарыста Әсел Далиева алтын жүлде, Аңсаған Қожанәсіп қола жүлде иеленіп, қуанышымызды еселей түсті. Бұл кезде теңге ілу мен қызқуардан жарыстар қызып жатты. Ақырында теңге ілуден алтын жүлде Бақыт Төлтайға бұйырды.

БАБЫ КЕЛГЕН АТ АЛДЫ, БАҒЫ ЖАНҒАН ҚҰС АЛДЫ

Жарыстың алтыншы күні ел назары ат бәйгесіне ауды. Бабы мен бағы қатар шапқан арғымақтардың ішінде қашықтығы 25 шақырымды құрайтын аламан бәйгенің алды боп Алматы облысы Балқаш ауданының аты «Айқабақ» келді. Оған құйысқан тістесіп келген жүйрік – «Жұмыртұяқ». Ал мәре сызығын үшінші болып қырғызстандық «Қара қыз» деген жүйрік кесіп өтті. Топ бәйгеден бірінші болып «Холибой» есімді ат келсе, құнан бәйгеде Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия мемлекеттерінен 15-тей құнан бақ сынап, 11 шақырымға созылған дүбірлі додада қазақстандық тұлпар «Қамысқұлақ» алдына қара салмады. Ұшқыр бәйгеден 3200 метр жарыс жолына шыққан дөненнен жоғары жастағы (4 жасар және одан жоғары) аттардың арасында жүйріктер анықталып, барлығы 7 сәйгүлік арасында алғашқы үштікті тағы да Қазақстан жүйріктері ұтса, 2400 метрлік аралықта шапқан 5 дөненнің (3 жасқа дейінгі) арасында жарысқа жіберілген желтұяқтардың алғашқы үштігі тағы да Қазақстан жүйріктері болды. Ұшқыр бәйгеден 1600 метрлік тызетпеде мәре сызығын әйгілі Кабирханның иесі Тілек Мұханбетқалиевтің «Шағала» атты жүйрігі бірінші болып кесті. Ит жүгіртіп, құс салған қазақтың жерінде құсбегілік сайысы болмай қалса, ол да бір сын болар еді. 13 қыркүйек күні саятшылар жарысы да қызу түрде өтті. Оған әлемнің әр жерінен 18 бүркіт, 12 сұңқар, 12 қаршыға әкелінген. Арасында елімізден 9 құсбегі бар. Нәтижесінде құсбегіліктен өткен жарыстың «Бүркіт салу» санатындағы жеңімпазына автокөлік кілті табысталды. Осылайша, құсбегіліктен екі күн қатарынан өткен жарыста ұлттық құрама спортшылары 2 алтын, 1 күміс, 3 қола медаль иеленді.

6 күнге созылған жарыс алты алаштың баласын думанға бөлеп, әлем халықтарына кешегі қолына қылыш алатын көшпенділердің, бүгін спорттан алтын мен күміс алатын ұрпақтары өскенін бір дәлелдеп, жарысты қорытындылады.

Ел мен елдің бірлігіне, тұтас түркі жұртының, қала берді барлық көшпенді халықтардың басын біріктіріп, тасын өрге домалатуға қызмет ететін бірегей спорт жарысы деуге болады. Әрі осы апта өткен мәдени-спорттық іс-шаралар ата-бабаларымыздың кім болғанын, өзіміздің кім екенімізді айнадан көрсеткендей сезімге бөлеп, ұлтымыздың рухын, рухымыздың кілтін қолымызға бергендей әсерге бөледі. Сондай-ақ сырттан келген әрбір шетелдік қонақ біздің елдің салтымен танысып, қазақтың ұлттық болмысын танып, жеріміз бен пейіліміздің кеңдігін көріп таңдай қағысты. Азияның ғасырдан-ғасырға жалғасып, соғып тұрған алып жүрегі сияқты осынау Ұлы дала төсіндегі қазақы қара шаңырағымыз – Астанамызды көріп, айрықша риза болып қайтты. Ел мен елдің мәдениеті алмаса берсін, Ұлы даламызда бейбіт-шілік пен тыныштығымыздың тойы жалғаса берсін әманда!

№110 (4698) 14/09/2024 Сенбі

БІР СЫНЫПТА – ҮЙДІҢ ТҰҢҒЫШТАРЫ

Елордада бір үйдің тұңғыштары ғана оқитын төрт бірдей сынып ашылып, оған 1-сыныптың 100-ден аса оқушысы қабылданды. Тың әрі жаңашыл жобаның жүзеге асуына Астана қалалық Ардагерлер кеңесі мен Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы бастамашы болды.

Астанада ғана емес, республикада алғаш рет «Төлдің басы – тұңғышым» жобасы қолға алынды. Қазіргі таңда мектептің төрт сыныбында 100-ден аса бала білім алады. Жалпы Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясына жаңа оқу жылында мектептің 1-сынып оқушылары 13 сыныпқа қабылданып, бүгінде барлығы 335 бала оқиды.

Атауы айрықша бастаманы ашу қажеттігі туралы мектептің бастауыш сыныптар бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мәриям Амангелдіқызы кеңірек тарқатты.

– Өткен оқу жылының соңында астаналық ардагерлер кеңесі тарапынан бір үйдің тұңғыштарын бөліп оқытып, оларға ұлттық тәрбие беруді тереңдетілген негізде жүзеге асырсақ деген ұсыныс түсті. Кейін мектебіміз де «тұңғыштар» сыныбын ашу идеясын қолдады. Әр үйдің тұңғышы сол отбасының «бренді» болуы керек. Себебі тұңғыш бала – өзінен кейінгі інісі, қарындасы, сіңлісіне үлгі. «Алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба солай жүреді» демекші, сол балаға қарап, олар бой түзейді.

Көбінесе жас отбасылардың тұңғыштары қабылданды. Жас ата-аналар үшін тұңғыш баласын өсіру – үлкен жауапкершілік, сол себепті қазақы дәстүр бойынша мұндай балалар ата-әжесінің қолында өсіп, тәрбиесін алады. Данагөй ақсақалдардың ақылына, ақ жаулықты әженің мейіріміне сусап, тәрбиеленсе, қазақылыққа бір табан жақын болып, салт-дәстүрге қанығады. Басқа балаларға қарағанда үйдің тұңғыштары ақылды болады, себебі ата-анасы жас, ал баласы ақыл тоқтатқан, өмір көрген ата-әжесінің тағылымын алады. Осы дәстүр жас отбасыларда кенжелеп қалмасын, ата-анаға қолдау болсын, әрі қарай мектеп қабырғасында да жалғасын тапсын деген мақсатпен жоба ашылды, – деді М.Амангелдіқызы.

Биылғы оқу жылының басты ерекшелігі – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы. Ал «тұңғыштар» сыныбындағы ұлттық тәрбиеге негізделген білім оқытылып, ата тегін, руын, туған жерін жетік білуі, бес саусақтың мән-мағынасын ұғу, «Еңбекке баулу сабағында» қолөнерге баулып, қамшы өру, ою-өрнек түрлерін ажырату, «Қуырмаш», «Бестемше», «Асық ату» секілді ұлттық ойындарды білуге басты басымдық беріледі. Одан бөлек, мектеп оқушыларына рухани-танымдық өлкетану саяхаттарын ұйымдастыру, қолөнершілермен бірге шеберлік сабақтарын өткізіп, белгілі ардагерлермен кездесулер ұйымдастыру жоспарлануда.

– Білім беру жүйесі мұғалім мен ата-ананың бірлескен жұмысы нәтижесінде тиімді болады. Бұл сыныптың мұғалімдерінің де ойы, санасы ұлттық құндылыққа бағдарланған болу қажет, осы бағытта арнайы жұмыстар жүргізілді. Баланың тілін сындырып, қазақы қылуды ұстаздар ана тілмен дарытып тәрбиелеуге айрықша назар береді. «Біртұтас тәрбие беру» бағдарламасы аясында қыркүйек еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы саналады. Сол себепті қазірдің өзінде балаларға еңбек туралы мақал-мәтел, өлең және ән жаттатып жатырмыз.

Айтқандай, жобаның өміршең болуы ата-анаға да тікелей қатысты. Ұлттық құндылық жас ұрпақтың бойында насихатталсын десек, бірінші кезекте ата-аналар ұлттық сананы сіңірген болуы керек. Мектепте берілген білім отбасында әрі қарай жалғасын табуы маңызды. Ермексаз секілді илеуіне оңай көнетін баланы ұлттық қалыпқа салуда өз қолымызда. Сондықтан ата-аналар үшін оқыту семинарлары қарастырылып, оған аптаның демалыс күнінде арнайы уақыт бөлінеді, – деді М.Амангелдіқызы.

Ал бастауыш сынып мұғалімі Азиза Жұмабекқызы ата-аналар тарапынан сұраныс көп болғанын алға тартады.

– Әр отбасы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуді жоғары қою керек екені сөзсіз. Ата-әжесінің қолында өскен балалар көбіне тұңғыш болып келеді. Тұңғыштар сыныбына ата-аналардың сұранысы көп болды. Алғаш рет жүзеге асып жатқан жоба атауы көпшілікке таңсық естілді. Баласын беруге асыққан ата-әжелер тарапы әсіресе қуанды. Қарапайым сыныптармен салыстырсақ, білім беру бағдарламасы екеуінде де бірдей, стандарттан ауытқымаймыз. Басты мақсат – ұлттық сананы қалыптастыру. Күнделікті ұлттық ойын, дәстүр, әдет-ғұрыпқа қатысты танымдық сабақтар пән арасында кірістіріліп, балаларға үйретіледі. Ал негізгі шеберлік сабақтары айына бір-екі рет өткізіледі, – деді мұғалім.

Білім әлеміне енді аяқ басқан тұңғыштар үшін білім беру жүйесінде бірінші рет енгізілген жобаның дәстүрлі түрде жылдан-жылға жалғасуы алдағы нәтижелі жұмыстан көрінері анық. Дегенмен еліміз бойынша игі бастама елордалық мектепте қолға алынғаны қуантады.

ТАҒЫ БІР ИНКЛЮЗИВТІ КАБИНЕТ АШЫЛДЫ

Астана қаласының №36 орта мектебінде инклюзияны қолдауға арналған жаңа кабинет салтанатты түрде ашылды. Инклюзияны қолдау кабинетінің моделін елордалық Білім басқармасы сарапшыларының қолдауымен және әдістемелік сүйемелдеуімен «Samruk-Kazyna Trust» қоры әзірледі.

Жаңа форматтағы кабинеттер психолог, дефектолог, логопедке арналған ашық кеңістік стиліндегі арнайы орындардан, сондай-ақ керамика шеберханасы және емдік дене шынықтыруға арналған жеке бөлмелерден тұрады. Ашық кабинеттер «Charity Samruk Marathon» қайырымдылық марафоны барысында жиналған қаражатпен жарақтандырылды.

Бұл жобаның арқасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар 100-ден астам балаға мектеп қабырғасында жайлы оқу үшін жағдай жасалды. Жаңа форматтағы осындай инклюзивті сыныптар елорданың бес мектебінде ашылды. Олардың қатарында №97 мектеп-гимназия, №22 мектеп-гимназия, К.Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейі және Ә.Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі бар.

«Елорда мектептерінің бірінде «Samruk-Kazyna Trust» қайырымдылық қоры іске асырған инклюзияны қолдау кабинетінің ашылуы өтті. Мұндай кабинеттер оқу процесінің маңызды бөлігі саналады. Елордалық мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар 2000-ға жуық бала оқиды. Келесі жылы елорданың барлық мектептері халықаралық стандарттарға сай болуы үшін жұмысты жалғастыруды жоспарлап отырмыз» деді елорда әкімінің орынбасары Есет Байкен.

Мектептерді Астана қаласының Білім басқармасы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сұраныс пен қажеттілікті ескере отырып белгілеген болатын. Осылайша, жоба 150-ден астам баланы білім беру және дамыту бағдарламаларымен қамтиды.

ТӘРБИЕ НЕГІЗІ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Биылдан бастап Астана қаласының мектептерінде барлық пәндерге «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілді. Енді мұғалімге баланы оқытып қана қоймай, оған ұлттық тәрбие беру міндеттелді.

Жаңа оқу жылынан бастап Астана қаласында орта білім беру мекемелерінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жаңа мазмұнда оқытылып жатыр. Астана қаласының Білім басқармасы мен Әдістемелік орталығы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024-2025 оқу жылына арналған жаңа жоспарды бекітті.

Бүгінгі таңда барлық ұстаз оқушылардың бойына ұлттық мүддені сіңіре отырып білім беруді бастап кетті. Нақтырақ айтқанда, «Күй күмбірі», «8 минуттық оқу», «Үнемді тұтыну», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут» сынды оқыту іс-шаралары күнделікті түрде өткізіледі. Оған қоса, аптаның әр күні «Әдеп күніне», «Денсаулық күніне» және «Ұлттық құндылықтар күніне» арналады.

Жаңа әдістемеге бағытталған жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін тамыз айында қаладағы барлық мектепке оқыту семинары ұйымдастырылды. Семинарға мектепке дейінгі, орта, кәсіби-техникалық, сонымен қатар қосымша білім беру ұйымдарынан, жеке мектептерден 10 мыңнан аса педагог қатысты. Оларға ұлттық құндылықтарды оқу үдерісіне интеграциялау, жүзеге асыру механизмдері мен алгоритмдері, мұғалімдердің практикалық дағдыларын арттыру, сондай-ақ аймақтық білім беру ұйымдарында бағдарламаны іске асыруды басқару және үйлестіру туралы ақпарат берілді. Қазіргі таңда педагогтар жаңартылған әдіске сүйеніп білім беруді жалғастыруда.

Бетті дайындаған **Индира БЕРЖАНОВА**

КӨКЖӨТЕЛ – ҚАУІПТІ АУРУ

Бүгінде үлкендер мен балалар арасында тоқтаусыз жөтел көбейіп кетті. Қазақта «көкжөтел» деп кеткен ауру әсіресе кешкі уақытта қозады. Ол қандай ауру? Негізгі белгілері мен қаупі қандай? Бұл туралы Астана қаласы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Жанна ПРАЛИЕВА айтып берді.

– Жанна Қыдырбайқызы, күз – тыныс алу ауруларының өршитін кезеңі. Жалпы елордадағы ахуал туралы қысқаша айтып берсеңіз.

– COVID-19 эпидемиясынан кейін барлық вакцинамен басқарылатын инфекциялардың иммундық қабаты ұлғайды. Мәселен, вакцина алмағандардың үлесі 2019 жылы – 10%, 2020 жылы – 46,4%, 2021 жылы – 24,4%, 2022 жылы – 18,5%, 2023 жылы – 16,6%, ал 2024 жылдың 8 айында 29,6%-ды құрады. Нәтижесінде біз қызылша эпидемиясына тап болып қана қоймай, кішкентай балаларда көкжөтелдің көп жағдайын тіркей бастадық. Бұл сан 100 мың тұрғынға шаққанда 43 жағдайға жетті, ал бұрын ол 100 мың тұрғынға шаққанда үшеуден аспайтын.

Жыл басынан бері 8 айдың ішінде көкжөтелдің 617 жағдайы тіркелді, 2023 жылдың ұқсас кезеңінде 2,0 көрсеткішімен 28 жағдай. Оның ішінде вакцина алмаған балалар арасында – 86%. Көкжөтелмен ауыратындардың көбею себебі – ұжымдық иммунитеттің төмендеуі. Мәселен, ауырған балалардың 91%-ы (562) көкжөтелге қарсы екпе алмаған (себептері: егу жасына жетпеу, вакцинациядан бас тарту, медициналық қарсы көрсетілім бойынша), 4%-ы (28) вакцинация мәртебесі белгісіз, қалған науқастар – толық емес вакцинация мәртебесін алғандар. Мүмкіндігі шектеулі адамдарды иммундаудың арқасында көкжөтелмен сырқаттану төмендеу үрдісіне ие. Сондықтан балаларға жоспарлы екпелерді уақытында алған дұрыс.

– Жалпы көкжөтел қандай ауру?

– Көкжөтел (коклюш) – тыныс алу жүйесінің қауіпті жұқпалы ауруы. Ол әсіресе булықпа жөтелдің пайда болуымен білінеді. Ауру науқас адаммен тығыз байланыста болған кезде ауа тамшылары арқылы жұғады. Науқас алғашқы күндерінен бастап және ауырып қалғаннан кейін 30 тәулік бойы инфекцияны таратуға қабілетті. Науқаспен байланыста болған кезде екпе алмаған адамның жұқтыру ықтималдығы 90%-ды құрайды. Ал 2 жасқа дейінгі балалар үшін өте қауіпті. Көкжөтел бактериясы тыныс алу жолдарының шырышты қабығын тітіркендіретін арнайы токсиндерді шығарады. Салдарынан диафрагма мен бронх бұлшық еттерінің спазмы дамиды және булықпа жөтел деп аталады. Жалпы көкжөтел мектеп жасына дейінгі балаларда жиі пайда болады, алайда онымен ересектер де ауыруы мүмкін. Бұл ауру әсіресе нәрестелер үшін қауіпті.

– Негізгі белгілері қандай?

– Жасырын кезең 14 күнге дейін созылады, бірақ көбіне 5-7 күн аралығы. Әрі қарай әлсіздік, аздап жөтел, мұрынның ағуы, төмен температурамен сипатталады. Бірте-бірте жөтел күшейеді, аурудың 2-аптасының соңында конвульсиялық жөтел басталады. Ондай кезде науқастың ауруы қозады, беті көкшіл боп кетеді, мойын тамырлары кеңейеді, тұншығу болады. Аурудың ауырлығына байланысты жиі-жиі ұстамалар пайда болады.

> Жыл басынан бері 8 айдың ішінде көкжөтелдің 617 жағдайы тіркелді, 2023 жылдың ұқсас кезеңінде 2,0 көрсеткішімен 28 жағдай. Оның ішінде вакцина алмаған балалар арасында – 86%. Көкжөтелмен ауыратындардың көбею себебі – ұжымдық иммунитеттің төмендеуі

– Одан әрі өкпенің қабынуына әкеле ме?

– Көкжөтелдің ауыр түрі ұзақ уақыт бойы оттегінің жетіспеушілігіне әкелуі мүмкін. Көкжөтел пневмония және басқа аурулар сияқты тыныс алу органдарының ауруларымен асқынуы мүмкін. Кейде қатты жөтел салдарынан ауыр асқынулар пайда болады. Аурудың дамуына қарай ол мидағы тыныс алу орталығына әсер етіп, нәтижесінде жөтел күлгенде, ауырғанда немесе сөйлегенде күшеюі мүмкін. Сондай-ақ жүрек-қан тамырлар жүйесіне жағымсыз әсер етеді. Иммунитет әлсіресе, екінші рет жұқтырып алуыңыз мүмкін.

– Аурудың алдын алу үшін қандай кеңес бересіз?

– Көкжөтелдің нақты алдын алудың жалғыз әрі сенімді құралы – екпе. Ұлттық вакцинация күнтізбесіне сәйкес, көкжөтелге қарсы вакцинация 2, 3, 4, 18 айда және 6 жаста жүргізіледі. Көкжөтелге қарсы вакцина ойлап табылғанға дейін бұл ауру балалар арасындағы өлім-жітім бойынша бірінші орында болды. Вакцина кеңінен қолданылғаннан кейін көкжөтелден болатын балалар өлімі 45 есеге қысқарды. Сонымен қатар әлемде және қазіргі уақытта балалар арасында осы инфекциядан қайтыс болу кездеседі. Бірақ статистика көрсеткендей, басым көпшілігі – екпе алмаған балалар. Егер өзіңізден немесе балаңыздан көкжөтел белгілерін байқасаңыз, дереу дәрігерге көріну керек.

Дайындаған **Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ**

ТАПСЫРЫСПЕН ТАМАҚ АЛСАҢ, АБАЙЛА!

Қазіргі таңда интернет-сауданың дамыған заманы. Қыз-келіншектердің көбі уақытын үнемдеу үшін үйіне қонақ шақырса, асыққан жағдайда қалаған тағамдарға тапсырыс бере салады. Ал үй жағдайында дайындалған мұндай өнімдерді пайдалану эпидемиологтардың алаңдаушылығын тудырып отыр.



Елордада жыл басынан бері қоғамдық тамақтану орындарына тұрғындар тарапынан 17 шағым келіп түскен. Улану оқиғалары да аз емес. Астана қаласы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті халық арасында тамақтан уланудың және жіті ішек инфекцияларының пайда болуын болдырмау мақсатында әлеуметтік желілер арқылы тағамға тапсырыс беру кезінде барынша мұқият болуға шақырады.

«Келеңсіз жағдайға тап болмас үшін онлайн-тапсырыс бергенде алдымен ақпаратқа назар аударыңыз. Көрсетілген сайттарында немесе ресми парақшаларында фирманың атауы ғана емес, орналасқан жері және жұмыс режимі де көрсетілуі керек. Ұсынылатын тағам түрлері туралы ақпарат берілуі тиіс. Тапсырыспен сатып алғаннан кейін чекті электрондық поштаға немесе телефонға алғаныңызды нақтылау үшін төлемді жеке тұлғаларға аудармаған жөн» дейді Астана қаласы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Айгүл Шағалтаева.

Маманның пікірінше, тағамның атауы, жарамдылық мерзімі және қаптамадағы құрамын мұқият тексеру әр адамның өз денсаулығына жауапты екенін білдіреді. Сондай-ақ өнімнің салмағы, оның тағамдық құндылығы, дайындалған күні мен сағаты, жарамдылық мерзімі және сақтау шарттары да көрсетілуі тиіс. Тамақ өнімдерін дайындаушы жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің атына дейін тұтынушыға ұсынылады.

Көптеген азамат үй жағдайында піскен тәтті тоқаштарға, жылдам дайындалатын тағамдарға тапсырыс бергенде сатушыдан ешқандай құжат талап етпейтіні анық. Сондықтан олар рұқсат құжатын алмай, заңсыз жұмыс істей береді. Қолдан пісірілген өнімдердің қауіпсіздігі мен сапасын куәландыратын құжаттарсыз-ақ сатылымға шығара береді. Кім дайындады, қалай жасады, қандай өнімдерді қолданды – ол жағы жұмбақ.

«Жуырда баламның туған күні болды. Отбасымызбен түнгі сағат 12-ден кейін құттықтағанды жөн көрдік. Күндіз дүкеннен торт алуға үлгермегендіктен, Instagram желісі арқылы онлайн заказ бере салдық. Бағасы да арзан емес. Өзіміз жеткізу қызметіне ақша төлеп, үйге алдырттық. Торттың қорабында ешқандай жазу болмады. Ертеңіне кішкентай екі ұлымыздың іші өтіп, құсып ауырды. Жедел түрде дәрігер шақырған едік, астан уланғаны белгілі болды. Бұл туралы сатушыға айтқанымызда, ол ат-тонын ала қашты. Ешқандай рұқсат құжатын ұсынбағандықтан, шағым жазуға тура келді» дейді елордалық Айнагүл Жексенбаева.

Жалпы күмәнді парақшалар арқылы немесе кездейсоқ адамдардан үйде дайындалған өнімдер, әсіресе кремді-кондитерлік өнімдерді сатып алу қауіпті. Улану белгілері пайда болған жағдайда, дереу медициналық көмекке жүгіну керек.

«Тамақтан уланудың екі себебі бар. Олар – санитарлық нормаларды сақтамау және құрамында патогендер мен улы заттар бар тағамдарды тұтыну. Улану белгілері болса, алдымен асқазанды шаю керек және дереу дәрігердің көмегіне жүгінген жөн» деп ескертеді Айгүл Шағалтаева.

Астана қаласында азаматтардың жекелеген санаттарын тегін амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қосымша ұсыну туралы Қоғамдық кеңес отырысында талқыланды.

ДӘРІ-ДӘРМЕК ТЕГІН БЕРІЛЕДІ

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемованың мәліметінше, амбулаториялық деңгейде жеңілдетілген дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселихаттың шешімі бойынша жергілікті бюджет қаражаты, республикалық бюджет және міндетті медициналық сақтандыру қаражаты есебінен тегін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар тізбесі есебінен жүргізіледі.

«Бүгінгі таңда жоғарыда аталған тізбеге 124 нозология, дәрілік орта мен медициналық бұйымдардың 673 позициясы енген. 2022 жылы Астана қаласы бойынша 157 мың науқас 18,7 млрд теңгеге жеңілдікпен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді. 2023 жылы 21,87 млрд теңгеге 151 мың науқас қамтамасыз етілді. 2024 жылға жалпы құны 18,5 млрд теңгеге өтінім берілді» деп атап өтті басқарма басшысы.

Сонымен қатар сирек орфандық аурулары бар бірқатар пациент жергілікті бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Қоғамдық кеңес мүшелерінен жалпы құны 191 млн теңгеге орфандық аурулармен ауыратындарға, сонымен қатар тізбеге енбеген аурумен ауыратын 7576 науқасты контрацепцияға және қосымша 10 аурудың тізбесін енгізуді қарастыруды сұрады.

ПЕДИАТРДАН 10 КЕҢЕС

1. Әр ана өз баласының ойын, денсаулығын өте жақсы сезеді, сондықтан ішкі дауысыңызды тыңдаңыз. Балаңыздың дамуына, денсаулығына күдіктендіңіз бе, тексертіп алыңыз, көңіліңіз орнында болады.

2. Егер балаңыз жасына сай дамымай жатса, еңбектемесе, отырмаса, жүре алмаса, сөйлемей, тілі кеш шығып жатса – «біз де осылай кеш дамығанбыз, әкесінің тілі кеш шыққан» деп уақыт созып жүрмеңіз. Міндетті түрде дәрігер кеңесін алыңыз.

3. Баланың алғаш тамақтануын дұрыс бастаңыз. Есіңізде болсын, баланың тамаққа қызығушылығын қалай оятсаңыз – солай жалғасады.

4. Балаңызға мүмкіндігінше дүкен сөрелерінде тұратын зиян тәттілерді, нан өнімдері мен тетрапакеттегі сүт өнімдерін бермеуге тырысыңыз.

5. Балаңыздың дене қызуы көтерілсе бірден дәрі бермей, алдымен жылы су, С витаминін беріңіз. Өз бетіңізше антибиотик тықпалаудың мүлдем қажеті жоқ.

6. Көп ауру ішектен басталады. Сондықтан баланың нәжісін (үлкен дәретін) бақылап жүріңіз. Нәжіске қарап-ақ асқазан-ішек жағдайын білуге болады.

7. Жылына 2 рет балаңызды талдаулардан өткізіп тұрыңыз. Жалпы қан талдауы, жалпы кіші дәрет талдауы, құрсақ қуысының ультрадыбыстық зерттеуі. Бұларды емханадан тегін тапсыруға да болады.

8. Жасына сай балаңызды профилактикалық қаралуларға апаруды ұмытпаңыз. Профилактика әрдайым асқынған ауруды емдеуден жақсы.

9. Балаға кез келген БАД, витамин беруге қарсымын. Дәрігер кеңесімен жақсысын таңдап барып берген дұрыс.

10. Ең бастысы, сіз балаңыз үшін ең жақсы анасыз! Балаңыз үшін уайымдау, алаңдау жақсы ғой, бірақ тым мазасыз болмауға, өзіңізді кінәламауға кеңес беремін. Бала бәрін сезеді.

Әйгерім БАТЫРБЕККҚЫЗЫ,
педиатр-дәрігер

№110 (4698) 14/09/2024 Сенбі

ДҮЙСЕНБІ
16 ҚЫРКҮЙЕК

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Інжу-маржан»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Зейнеп». Телехикая.
11:10 «Қол созған үміт». Телехикая.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Жақсылық жаса».
16:00 «Замандастар». Телехикая.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...».
18:00 «ЗЕЙНЕП». Телехикая.
19:00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...».
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». Телехикая.
23:10 «1001 ТҮН».
0:40 «Ашық алаң».
1:25 «Сана»
2:30 «Тату-тәтті». Реалити шоу
4:00 «Інжу-маржан»

5:00 «ВЕЧНОСТЬ МЕЖДУ НАМИ»
7:00 «ОЯН!»
10:00 «БІЗДІҢ НАЗАРДА»
10:20 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «МАРКУС»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ФАТМАГҮЛ»
14:00 «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ»
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН»
16:00 КИНО. «ҚАРА ЖӘШІК»
18:00 «ӘСЕМ ӘНДЕР»
18:30 НОВОСТИ
19:00 ТОК-ШОУ. «ТАЛҚЫ»
19:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ»
22:00 «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ»
22:50 КИНО. «ҚАРА ЖӘШІК»

ASTANA TV

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06.50 «Жұрттың балалары»
07.10 «Маша и медведь» мультсериал
09.00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
10.20 «Дурная кровь» телесериал
11.30 «Жігіттің сабаздары» телехикаясы
13.00 «Күлпәштің хикаялары»
13.45 «Зың-Зың Күлпәш» телехикаясы
16.00 «Шымкент – менің махаббатым»
16.50 «Пороги» телесериал
18.50 «Дурная кровь» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
21.55 «Адасқан сезім» үнді телехикаясы
23.45 «Тақ тартысы» телехикаясы
00.45 «Пороги» телесериал

6:00 «ПРАВДА О ДЕЛЕ ГАРРИ КВЕБЕРТА»
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЛЮБОВЬ БЕЗ ПАМЯТИ».
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы.
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы.
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Фильм «ЧУЖОЙ СРЕДИ СВОИХ»
0:45 «Я НЕ МОГУ БЕЗ ТЕБЯ»
1:55 «НОВОСТИ»
2:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:20 «ПРОЕКТ «СИНЯЯ КНИГА» телехикаясы
4:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

КТК

7:05 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
7:30 «НАМЫС», өзбек телехикаясы.
9:10 «ПАРАД ЮМОРА», шоу-программа (повтор)
11:10 «ИЗ ЗАМКНУТОГО КРУГА», мелодрама (повтор)
15:20 «БЕССМЕРТНИК», мелодрама.
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ NEW», ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ», мелодрама.
23:40 «ШЕФ. НОВАЯ ЖИЗНЬ», остросюжетный детектив
1:40 «БЕССМЕРТНИК», мелодрама (повтор)
3:50 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ NEW» (қайталау)
4:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
5:00 «НАМЫС», өзбек телехикаясы (қайталау)

31

06:00 Әзіл студио
07:00 Ризамын
07:30 Time Vine
08:00 «Қызыл шербет» телехикаясы
09:00 Мультсериал «Маша и медведь»
10:30 TikTok show
10:50 «Доктор Дулиттл»
12:50 «Нархоз. Студент көке»
14:00 Тұсаукесер! «Келіндер бәйгесі»
15:10 Time Vine
15:30 «Хищники» (повтор)
17:50 КИНО. Жан-Клод Ван Дамм в боевике «Универсальный солдат»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Пекло»
23:20 Телесериал «Клюквенный щербет»
00:20 «31 әзіл»
02:00 КИНО. «С Новым годом, девчонки!»
03:20 What's up?
04:00 Әзіл студио
04:20 1001 әзіл
04:30 BALA BATLLE
05:00 What's up?
05:20 Ризамын

7

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
6:45 «Алданған арман-2» телехикая
7:45 Кухня Великолепного Века
8:00 «Абысындар-2». Телехикая.
10:00 «Великолепный век. Хюррем».
11:00 «Stranger».
12:40 «ПОКА СТАНИЦА СПИТ» телесериал
16:40 «Сөздің қысқасы. Ардақ Қасымханмен».
17:00 «ҒАЛАМАТ ҒАСЫР. ХЮРРЕМ».
18:00 «АБЫСЫНДАР-2». Телехикая.
19:30 «ДЕМ. СОҢҒЫ ҮМІТ» телехикая
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
21:00 «ЭРТУГРУЛ» телесериал (Турция)
21:50 «ЧЕЛНОЧНИЦЫ»
23:40 «АЛДАНҒАН АРМАН-2» телехикая
0:40 «Жетінші студия Нартай Аралбайұлымен».
1:50 «Әке мен әке» телехикая.
2:40 «Жеңіп көр» бағдарлама
4:00 «Япырай»
5:00 «Құтты қонақ» бағдарлама

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)
08.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
09.00 «INSTA TV» (каз.)
09.40 «ЛАГЕРЬ «КОРАЛЛ»: ДЕТСТВО ГУБКИ БОБА» (мультсериал)
10.05 «ШОУ УРАЛЬСКИХ ПЕЛЬМЕНЕЙ»
10.50 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 5»
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
17.10 Телехикая «Достық 99» (каз.)
17.35 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 5»
19.00 ШОУ «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.00 Сериал «МОШЕННИКИ»
20.30 «НАВСТРЕЧУ ШТОРМУ»
22.20 «ПОЕЗД НА ПАРИЖ»
01.10 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)
02.00 «Қызық Live» (каз.)
03.20 «INSTA TV» (каз.)
04.00 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

СЕЙСЕНБІ
17 ҚЫРКҮЙЕК

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Зейнеп». Телехикая.
11:10 «Қол созған үміт». Телехикая.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу
14:10 «Ақорда»
14:20 «Әлем және біз»
14:40 АРНАЙЫ ЖОБА
15:00 «Сен қасымда болмасаң...».
16:00 «Замандастар». Телехикая.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...».
18:00 «ЗЕЙНЕП». Телехикая.
19:00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...».
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». Телехикая.
23:10 «1001 ТҮН».
0:40 «Ашық алаң».
1:25 «Әлем және біз»
1:45 «Сана»
2:50 «Тату-тәтті»
4:15 «Жәдігер»
4:40 «Ауылдастар»

5:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ»
7:00 «ОЯН!»
10:00 «НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ»
10:25 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ИСЧЕЗНУВШАЯ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ»
14:00 «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ»
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН»
16:00 КИНО. «СЕН BOSSЫҢ»
18:00 «ӘСЕМ ӘНДЕР»
18:30 НОВОСТИ
19:00 ТОК-ШОУ. «ИТОГИ»
19:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ»
22:00 «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ»
22:50 КИНО. «СЕН BOSSЫҢ»

ASTANA TV

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06.50 «Жұрттың балалары»
07.10 «Маша и медведь» мультсериал
09.00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
10.20 «Дурная кровь» телесериал
11.30 «Жігіттің сабаздары» телехикаясы
13.00 «Күлпәштің хикаялары»
13.45 «Зың-Зың Күлпәш» телехикаясы
16.00 «Шымкент – менің махаббатым»
16.50 «Пороги» телесериал
18.50 «Дурная кровь» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
21.55 «Адасқан сезім» үнді телехикаясы
23.45 «Тақ тартысы» телехикаясы
00.45 «Пороги» телесериал

6:00 «ПРАВДА О ДЕЛЕ ГАРРИ КВЕБЕРТА»
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
12:00 «КОРОТКОЕ СЛОВО НЕТ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы.
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы.
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Фильм «ЧУЖОЙ СРЕДИ СВОИХ»
0:45 «Я НЕ МОГУ БЕЗ ТЕБЯ»
1:55 «НОВОСТИ»
2:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:20 «ПРОЕКТ «СИНЯЯ КНИГА» телехикаясы
4:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

КТК

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 «НАМЫС», өзбек телехикаясы.
9:40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10:20 «БЫЛО ДЕЛО».
11:20 «ШЕФ. НОВАЯ ЖИЗНЬ», остросюжетный детектив (повтор)
13:20 «НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ», мелодрама
15:20 «БЕССМЕРТНИК», мелодрама.
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ NEW», ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ», мелодрама.
23:40 «ШЕФ. НОВАЯ ЖИЗНЬ»
1:40 «БЕССМЕРТНИК», мелодрама (повтор)
3:50 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ NEW» (қайталау)
4:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
5:00 «НАМЫС», өзбек телехикаясы

31

06:00 Әзіл студио
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 «Қызыл шербет» телехикаясы
09:00 Мультсериал «Маша и медведь»
10:30 «Универсальный солдат» (повтор)
12:50 «Нархоз. Студент көке»
14:00 Тұсаукесер! «Келіндер бәйгесі»
15:10 КИНО. Дилан О'Брайен в фантастическом боевике «Бегущий в лабиринте: Испытание огнём» (повтор)
18:10 КИНО. Сирил Раффаэлли в боевике «13-й район»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 КИНО. Мэттью Бродерик в фантастическом боевике «Годзилла»
00:00 Телесериал «Клюквенный щербет»
01:00 «31 әзіл»
02:30 Time Vine
02:50 TikTok show
03:20 What's up?
04:00 Әзіл студио
04:20 1001 әзіл
04:30 BALA BATLLE
05:00 What's up?
05:20 Ризамын

7

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі»
6:45 «Алданған арман-2» телехикая
7:45 Кухня Великолепного Века
8:00 «Абысындар-2». Телехикая.
9:40 Кухня Великолепного Века
10:00 «Великолепный век. Хюррем».
11:00 «Челночницы» телесериал
13:00 «ПОКА СТАНИЦА СПИТ»
17:00 «ҒАЛАМАТ ҒАСЫР. ХЮРРЕМ».
18:00 «АБЫСЫНДАР-2». Телехикая.
19:30 ТҰСАУКЕСЕР! «ДЕМ. СОҢҒЫ ҮМІТ» телехикая (Қазақстан, 2024)
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
21:00 «ЭРТУГРУЛ» телесериал (Турция)
21:50 «ЧЕЛНОЧНИЦЫ» телесериал
23:40 «АЛДАНҒАН АРМАН-2» телехикая
0:30 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»
1:30 «Әке мен әке» телехикая.
2:30 «Жеңіп көр» бағдарлама
4:00 «Япырай»
4:50 «Құтты қонақ» бағдарлама

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)
08.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
09.00 «INSTA TV» (каз.)
09.40 «ЛАГЕРЬ «КОРАЛЛ»: ДЕТСТВО ГУБКИ БОБА» (мультсериал)
10.05 «ШОУ УРАЛЬСКИХ ПЕЛЬМЕНЕЙ»
10.50 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 5»
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
17.10 Телехикая «Достық 99» (каз.)
17.35 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 5»
19.00 ШОУ «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.00 Сериал «МОШЕННИКИ»
20.30 «КАТАСТРОФА» (фантастический триллер, Гийом Кане, Летиция Дош)
